

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»

Қызылорда ашық университетінің ректоры

Жасенов Қ.А.Бисенов

«28» 08 2023 ж.



Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын плагиатқа тексеру ЕРЕЖЕСІ

1.1. Білім алушылардың жазбаша және дипломдық жұмыстары (жазбалары) өзі орындағаны тексеру туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) оқу үрдісінің тиімділігін арттыру мақсатында білім алушылардың сапасын тексеру үшін білім алушылардың дипломдық жұмыстары (жазбалары) дербес орындауын қамтамасыз ететін қажетті шараларды қабылдауға тиіс.

1.2. Ереже Қызылорда ашық университетінің «Антиплагиат» жүйесін пайдалану тәртібін, жұмыстарының сапасын тексеру және білім алушының жауапкершілігін айқындайтын және анықталған жағдайда оқу алушылар мен университеттің қажетті шараларын белгілейді.

1.3. Бұл ереженің талаптарын орындау үшін жазбалар және дипломдық жұмыстардың өзіндік орындауы, яғни қайсы бір немесе бірнеше дерек көзіне сүйенгендігіне қарамастан, дерек көзіне сілтеме жасамағаны немесе қысқартылған сілтемелерді қолдану мен осының жұмыстың немесе оның қаншалық да бір дерек көзіне дербес орындағанына күмән келтіретін өзге мәлім пайдалану деректеріне қарамастан.

1.4. Білім алушылардың жазбалары мен дипломдық жұмыстары тексеру және қорғауға жіберуленгеннен кейін білім алушылардың жазбалары мен дипломдық жұмыстары дербес орындауы және білім алушының оқу тәртібін бұзуы деп қарастырылады.

1.5. Білім алушылардың жазбалары және дипломдық жұмыстарының дербес орындауы бекітілген үлгіге сәйесу мақсатында көрсетілген жұмыстардағы мәліметтерді пайдалану деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін «Антиплагиат» жүйесі қолданылады.

1.6. Білім алушылардың барлық жазбалары жұмыстары ғылыми жетекшінің басшылығымен орындалады.

2. Антиплагиат жүйесін пайдалану тәртібі

2.1. Білім алушылардың жазбаша және дипломдық жұмыстары «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексерілетіндігі туралы фактісімен танысқаннан, тиісті сілтемелермен бекітілмеген баспа және электрондық нұсқаларды пайдаланушылар және ағарту табыстан жауапты мүмкін болатын санқиялар туралы хабарлар екендігін растайтын бекітілген үлгі бойынша (№1 қосымша) жазбаша енішімен бірге қолданылатын жұмыстың электрондық нұсқасы ректордың бұйрығымен бекітілген комиссияға тексеруге ұсынылады.

2.2. Статистика немесе электрондық құжатын (электронды тасымалдығын) болмауы анықталған түрде дипломдық жұмысты алдын ала қорғауға және кейінгі қорғауға жіберілмеуін қамтамасыз ететін шаралар қабылданады.

2.3. Плагиатқа тексерілгеннен кейін дипломдық жұмыстарды алдын ала

Қызылорда 2023

Қызылорда ашық университетінің Ғылыми Кеңесіндегі қаралып бекітілді
№__ хаттама «__» _____ 2023 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1 «Антиплагиат» жүйесін пайдалана отырып университет білім алушыларының жазбаша және дипломдық жұмыстары (жобалары) өзі орындағанын тексеру туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) оқу үрдісінің тиімділігін арттыру мен ұйымдастырудың сапасын көтеру үшін білім алушылардың дипломдық жұмыстары (жобалары) дербес орындауын бақылау, сонымен қатар білім алушылардың өзіндік тәртіп деңгейін арттыру және зияткерлік меншік құқығын сақтау мақсатында әзірленді.

1.2 Ереже Қызылорда ашық университетінде (бұдан әрі - Университет) «Антиплагиат» жүйесін пайдалану тәртібін, жұмысқа қойылатын талаптарды, білім алушының жауапкершілігін айқындайды және тиісті тәртіп бұзушылықтар анықталған жағдайда оқытушылар мен университет әкімшілігінің әрекеттерін реттейді.

1.3 Бұл ережедегі плагиат деп жазбаша және дипломдық жұмыстардың өздігінен орындалмауы, яғни қағаз немесе электрондық тасымалдағышта жарияланған, дереккөзге сілтеме жасалмаған немесе алынған сілтемелердің көлемі мен сипаты жұмыстың немесе оның қандайда да бір бөлімінің дербес орындалғанына күмән келтіретін өзге мәтін пайдалану деп түсіну қажет.

1.4 Плагиат жұмыс үшін терісбаға қою немесе дипломдық жұмысты қорғауға жіберуден бас тарту үшін негіз бола отырып, жазбаша жұмысты дербес орындамау ретінде білім алушының оқу тәртібін бұзуы деп қарастырылады.

1.5 Білім алушылардың жазбаша және дипломдық жұмыстарының дербес орындауын бақылауды жүзеге асыру мақсатында көрсетілген жұмыстардағы мәліметтерді пайдалану деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін «Антиплагиат» жүйесі қолданылады.

1.6. Білім алушылардың барлық жазбаша жұмыстары ғылыми жетекшінің басшылығымен орындалады.

2. Антиплагиат жүйесін пайдалану тәртібі

2.1. Білім алушылардың жазбаша және дипломдық жұмыстары «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексерілетіндігі туралы фактісімен танысқандығы, тиісті сілтемелермен бекітілмеген баспа және электрондық көздерден мәліметтердің пайдаланылмағаны және плагиат табылған жағдайда мүмкін болатын санкциялар туралы хабардар екендігін растайтын бекітілген үлгі бойынша (№1 қосымша) жазбаша өтінішпен бірге қабылданатын жұмыстың электрондық нұсқасы ректордың бұйрығымен бекітілген комиссияға тексеруге ұсынылады.

2.2. Өтініштің немесе электрондық нұсқаның (электронды тасымалдағыш) болмауы автоматты түрде дипломдық жұмысты алдын ала қорғауға және кейінгі қорғауға жіберілмеуіне әкеп соғады.

2.3. Плагиатқа тексерілгеннен кейін дипломдық жұмыстарды алдында

қорғауға жіберу қабылданған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады, жазбаша жұмысты плагиатқа тексерілгендігі туралы есеп басып шығарылады және комиссия мүшелерінің қолы және деканаттың мөрімен куәландырылады.

2.4. Жұмыс қорғалғаннан кейін білім алушының өтініші, жұмыстың қағазға басып шығарылған нұсқасы және «Антиплагиат» жүйесіндегі тексерілгендігі туралы есебі негізгі жұмыспен бірге университет мұрағатына тапсырылады.

3. Жұмысты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдау

3.1. Білім алушы ғылыми жетекшімен бірге өзінің дипломдық жұмысының Антиплагиат жүйесіне тексеруге белгіленген мерзімде берілуіне жауапты болады.

Оң тексеру нәтижелері алдын ала қорғалуға ұсынылады және мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысының басталғанына дейін 15 күн бұрын, кешіктірмей кафедра меңгерушісіне және рецензентке берілетін жұмысқа қоса беріледі. Антиплагиатқа тексеруден өтпеген бітіруші білім алушы алдын ала қорғауға және кейінгі қорғауға жіберілмейді.

3.2. Осы Ережемен алдын ала қорғауға және кейінгі қорғауға жіберілуі үшін жұмысқа рұқсат беруді қарау кезінде дипломдық жұмыстың түпнұсқалығына қойылатын ең аз талаптар келесідей белгіленеді:

- жазбаша және дипломдық жұмысы үшін - 60%.

3.3. Дипломдық жұмыстар сапасы нашар болған жағдайда білім алушылар тарапынан міндетті түрде белгіленген жұмыстың бұрын бекітілген тақырыбын сақтай отырып қайта өңделуі, мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін 14 күн бұрын плагиатқа қайта тексеруге ұсынылуы тиіс.

3.4. Білім алушы жұмысын екінші рет қайта тексеруден өткізгеннен кейін плагиатты жоймаған немесе түрлі себептерге байланысты белгіленген мерзімде плагиатты жоюға қабілетсіз болған жағдайда, ағымдағы оқу жылында қорғауға жіберілмейді.

3.5. Антиплагиат жүйесінен қайта тексерістен өткеннен кейін 30% (магистрант) немесе 40%-дан астам (бакалавр) плагиат болған жағдайда білім алушы ағымдағы жылда оқу жоспарын орындамаған болып саналады және университеттен шығарылады. Бұл жағдайда дипломдық жұмыс қайта өңдеуге жіберіледі және қорғау уақыты басқа кезеңге ауыстырылады.

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Осы Ереже университет ректоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

4.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар оқу жылында бір рет жүзеге асырылады.

Бірінші проректор

К.А.Еримбетов

Академиялық мәселелер бойынша
проректоры



А.Б.Əлібекова

Оқу процесін тіркеуші офисінің
меңгерушісі



А.Х.Омарова

**ЖАЗБАША ЖҰМЫСТЫҢ ДЕРБЕСТІГІ
ТУРАЛЫ ЕСЕП
(ЖАЗБА ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҮРІ)**

Мен,

(Аты-жөні)

(бакалавриат / бакалавриат) _____ білім беру бағдарламасының _____
курс студенті (бакалавриат немесе магистр дәрежесі)

« _____
_____ » (жұмыс атауы)

тақырыбындағы дипломдық/диссертациялық жұмысымда плагиат элементтері жоқ. Баспа және электронды дереккөздерден, сондай-ақ бұрын қорғалған кандидаттық диссертациялардың немесе магистрлік диссертациялардың барлығы сәйкесінше сілтемелерге ие. Мен Қызылорда ашық университетінде жұмыс істейтін «Антиплагиат» (плагиат) жүйесі арқылы дипломдық жұмыстар мен диссертациялардың (жобалардың) электрондық нұсқаларына тексеру жүргізу туралы ережемен және сәйкесінше плагиаттың табылуы дипломдық жұмыс немесе диссертацияны қорғауға жол бермеудің себебі болып табылатындығын, сондай-ақ университеттен шығаруға дейінгі тәртіптік шаралар қолданылатындығымен танысып шықтым.

Қолы, күні